



**«Алматынские электрические станции»
акционерлік қоғамының (АлЭС АҚ)**

БІРІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ

**ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛМЕГЕН АТАУЛЫ ИНДЕКСТЕЛГЕН
ЖЕТІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛАР ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ**

ПРОСПЕКТІ

**саны: 18 700 000 дана
(он сегіз миллион жеті жүз мың)**

**сомасы: 1 870 000 000 теңге
(бір миллиард сегіз жүз жетпіс миллион)**

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты қандай да болмасын ұсынымдар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың шынайылығы үшін жауапкершілік атқармайды. Облигациялар шығарылымының проспекті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келуі жағынан ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және онда берілген барлық ақпараттың шынайы екендігін және инвесторларды эмитент пен оның облигацияларына қатысты жаңылысуға әкеп соқпайтындығын растайды.

Алматы, 2014 жыл

1. Осы облигациялар шығарылымы «Алматинские Электрические Станции» акционерлік қоғамының (бұдан былай – «АлЭС» АҚ немесе Эмитент) Бірінші облигациялық бағдарламасының проспектіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. «АлЭС» АҚ облигациялық бағдарламасы туралы мәліметтер

Бірінші облигациялық бағдарлама проспектінің мемлекеттік тіркеу күні	13 желтоқсан 2012 жылғы № Е42
Шеңберінде шығарылым жүзеге асырылатын ақшалай көріністегі облигациялық бағдарлама көлемі	40 000 000 000 теңге
Облигациялар шығарылымының реттік нөмірі	7 (жетінші)
<p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде алдыңғы облигация шығарылымдары туралы мәліметтер (шығарылымның өкілетті органда тіркелген күні, облигациялардың саны, осы облигациялық бағдарламаның шегінде әр шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны мен номиналды бағасы бойынша шығарылымның көлемі көрсетіледі):</p>	<p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде Бірінші облигациялық шығарылым 2012 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінде тіркелген. Шығарылым Е42-1 нөмірімен Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізбегіне енгізілген.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде бірінші облигациялық шығарылымның көлемі 6 200 000 000 (алты миллиард екі жүз миллион) теңге қамтамасыз етілмейтін атаулы купондық облигацияларды құрады, – облигациялардың саны 62 000 000 (алпыс екі миллион) дана. Орналастырылған облигациялардың саны 61 630 000 (алпыс бір миллион алты жүз отыз мың) дананы құрайды.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде екінші облигациялық шығарылымы 2014 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тіркелген. Шығарылым Е42-2 нөмірімен Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізбегіне енгізілген.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде екінші облигациялық шығарылымның көлемі 1 468 878 000 (бір миллиард төрт жүз алпыс сегіз миллион сегіз жүз жетпіс сегіз мың) теңге қамтамасыз етілмейтін атаулы индекстелген облигацияларды құрады, облигациялардың саны – 14 688 780 (он төрт миллион алты жүз сексен сегіз мың жеті жүз сексен) дана. Орналастырылған облигациялардың саны 14 488 780 (он төрт миллион төрт жүз сексен сегіз мың жеті жүз сексен) дананы құрайды.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде үшінші-алтыншы облигациялық шығарылымдары 2014 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тіркелген. Шығарылымдар Е42-3; Е42-4; Е42-5; Е42-6 нөмірімен Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізбегіне енгізілген.</p> <p>Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде үшінші-алтыншы облигациялық шығарылымдарының әрқайсысының көлемі 1 520 000 000 (бір миллиард бес жүз жиырма миллион) теңге қамтамасыз</p>

	<p>етілмейтін атаулы индекстелген облигацияларды құрады, әрқайсысының облигациялардың саны – 15 200 000 (он бес миллион екі жүз мың) дана. Орналастырылған облигациялардың әрқайсысының саны 15 000 000 (он бес миллион) дананы құрайды.</p>
<p>Облигациялық бағдарлама шеңберінде ертеректе шығарылған облигациялардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді (ковенант) бұзғанда жүзеге асырылатын және ұстаушылардың құқықтарын жүзеге асыру тәртібін көрсетіп, ұстаушылармен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен қарастырылған құқықтар</p>	<p>Облигациялардың ұстаушыларына берілген құқықтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - иеліктен айыру күнгі эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызын құрайтын сомаға Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлікті иеліктен айырмау; - облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үні осы эмитент активтерінің жалпы құнның он пайызынан көп шамаға Эмитент облигацияларын шығарумен байланысты емес міндеттемелердің орындалмау фактілеріне жол бермеу; - Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді қарастыратын Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу; - ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу; - Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін тапсыру мерзімінің бұзылуына жол бермеу; - аудиторлық есептерді беру мерзімін бұзу себебі аудиторлық компанияның кінәсі болған жағдайларды есепке алмағанда Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу; - ковенанттар бұзылған жағдайда облигация ұстаушылары облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы.

3. Бірінші облигациялық бағдарлама шегінде қамтамасыз етілмеген жетінші облигациялар шығарылымының құрылымы:

1.	Облигациялар түрі	Атаулы, индекстелген, қамтамасыз етілмеген
2.	Шығарылған облигациялар саны Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі	18 700 000 (он сегіз миллион жеті жүз мың) дана 1 870 000 000 (бір миллиард сегіз жүз жетпіс миллион) теңге
3.	Бір облигацияның номиналды құны	100 (жүз) теңге
4.	Бір облигацияның индекстелген номиналды құны	Бір облигацияның индекстелген номиналды бағасы, тенгенің АҚШ долларына қатысты девальвация/ревальвация қарқынының коэффициентіне (Kd) номиналды бағаның көбейтіндісі ретінде есептеледі. Девальвация/ревальвация қарқынының коэффициенті Облигацияның айналымы басталған күні ұқсас бағамға купондық сыйақы төлеу күні «Қазақстандық қор биржасы» (бұдан әрі «Қор») АҚШ долларының ағымдағы бағамының (Xt) облигациялардың айналысы басталған күнгі ұқсас бағамға (Xo) қатынас ретінде есептеледі: $(Kd=Xt/Xo)$, мұнда

		<p>Xt -- купондық сыйақы / сыйын төлеу сәттегі теңгенің АҚШ долларына қатысы.</p> <p>Xo – облигацияның айналысы басталған күнгі теңгенің АҚШ долларына қатысы.</p> <p>Kd нақты белгісі, үтірден кейін екі белгі деңгейінде қойылады.</p>
5.	Облигациялар бойынша сыйақы	
	Сыйақы мөлшерлемесі	<p>Облигация айналысының барлық мерзімі бойы жылдық пайыздың 6,00% тең, ол купондық сыйақының ставкасына облигацияның индекстелген номиналды бағасының көбейтіндісі ретінде есептеледі.</p>
	Сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары	<p>Облигациялар бойынша сыйақы айналу басталған күннен есептеледі.</p> <p>Айналу басталған күн – облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан былай – Биржа) ресми бағалы қағаздар тізіміне енгізілген күн.</p> <p>Облигациялар бойынша сыйақы жылына екі рет, сәйкесінше облигациялар айнала бастаған күннен бастап өтеу мерзіміне дейін жыл сайын әрбір алты айда төленеді.</p> <p>Облигациялар бойынша купонды сыйақы төлем төленген кезеңнің соңғы күннен кейінгі келесі күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде облигация ұстаушыларының ағымдағы шоттарына ақша аудару арқылы теңгемен төленеді.</p> <p>Төлем төленетін кезеңнің соңғы күні басталған кездегі жағдай бойынша облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген тұлғалар купонды сыйақы алуға құқылы.</p> <p>Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған жағдайда купонды сыйақы теңгемен төленеді. Инвестордың тиісті сұрауын алған жағдайда төлем төленген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгені басқа валютаға айырбастауға болады. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>
	Сыйақы есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі	<p>Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес 360/30 уақыт негізі есебінен (бір жылда 360 күн/ бір айда 30 күн) облигациялар бойынша купонды сыйақы есептеледі.</p>
	Индекстелген облигациялар шығарғанда есептеу тәртібі	<p>Облигацияның индекстелген номиналды бағасы келесі формула бойынша есептеледі:</p> <p>$P = Kd * N$, мұнда</p> <p>N – бір облигацияның номиналды бағасы (теңге);</p> <p>Kd – девальвация (ревальвация) коэффициентінің қарқыны.</p> <p>Бір облигацияға купондық сыйақы төлеу көлемі, келесі формула бойынша есептеледі:</p> <p>$C = Kd * N * I * D/360$, мұнда</p> <p>C – бір облигацияға купондық сыйақының есептелу көлемі (теңге);</p> <p>Kd – девальвация (ревальвация) коэффициент қарқыны;</p>

		<p>N – бір облигацияның номиналды бағасы (теңге); I – тіркелген жылдық ставка; D – сыйақы төлеу жүргізілетін күндердің саны (аталған купондық индекстелген облигацияның айналымы мерзіміне сәйкес жыпына 360 күн және айына 30 күн деген есеппен).</p>
6.	Облигациялардың айналуы және өтеу туралы мәліметтер	
	Айналу мерзімі	Облигациялардың айналу мерзімі – айнала бастаған күннен бастап 16 (он алты) ай. Орналастыру басталған күн – айнала бастаған күннен бүкіл айналу мерзімі бойы
	Облигациялардың айналуы	Облигациялар ұйымдастырылған нарыққа айналады.
	Облигацияларды өтеу талаптары мен әдісі	<p>Төлемнің тәртібі және шарттары– сыйақыларды төлеу төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен бастап, сыйақыларды алуға құқығы бар, облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақшаларды аудару арқылы жүргізіледі. Сыйақыларды төлеу облигациялар бойынша сыйақыларды алуға құқығы бар, облигацияларды ұстаушылардың тізілімін белгілеген күннің артынан келетін күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінің ішінде жүргізіледі.</p> <p>Облигациялардың ұстаушысы тұрақты құрылған Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын жағдайда, купондық сыйақының және негізгі қарыздың төлемі Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты болған кезде қазақстандық теңгеде жүзеге асырылатын болады.</p> <p>Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордан тиісті сұраным алған кезде, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша жүргізілуі мүмкін. Теңгені басқа валютаға айырбастау инвестордың есебінен жүргізіледі.</p>
	Облигацияларды өтеу күні	Облигациялар айнала бастаған күннен бастап 16 (он алты) ай өткеннен кейін өтеледі.
	Облигациялар өтелетін жер	Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қ., Достық д-лы, 7, тел. +7 (727) 254 04 17
7.	Облигациялар бойынша қамтамасыз ету	Осы облигациялар шығарылымы қамтамасыз етілмеген.
8.	Облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер	<p>«BCC Invest» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның еншілес ұйымы, орналасқан мекенжайы: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі 100 тел.: +7 (727) 244 32 32 факс: +7 (727) 244 32 31</p> <p>Номиналды ұстаушы ретінде бағалы қағаздар рыногында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға 2006 жылғы 31 шілдеде берілген лицензия № 0401201249.</p> <p>Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 56185-1910-АҚ, 26.06.2006ж. Алматы қ. Әділет департаментімен берілген.</p> <p>Облигация ұстаушыларының өкілі қызметтерін көрсету шарты 25.09.2014 жылғы № 14К0556У.</p> <p>Басқарма төрағасы Каламхатов Нурлан Базарбаевич</p>
9.	Тіркеуші туралы мәліметтер	«Единый регистратор ценных бумаг» АҚ, орналасқан

		<p>мекенжайы: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Абылай хан д-лы, 141 тел. 8 (727) 272 47 60, факс +7 (727) 272 47 60 ішкі ном 230 Шарт күні және нөмірі: № 165, 01.01.2014ж. Басқарма төрағасы - Жакупов К.Т.</p>
10.	Облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер	Эмитент облигациялар шығарылымын дербес орналастырады.
11.	Төлем агенті туралы мәліметтер	Эмитент купонды сыйақы мен номиналды құнды дербес түрде төлейді.
12.	Облигацияларды қор биржасының ресми бағалы қағаздар тізіміне енгізу және тіркелу бойынша қаржы кеңесшісі туралы мәліметтер	<p>«ВСС Invest» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның еншілес ұйымы, орналасқан мекенжайы: 050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі 100 тел.: +7 (727) 244 32 32 факс: +7 (727) 244 32 31 Номиналды ұстаушы ретінде бағалы қағаздар рыногында клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметпен айналысуға 2006 жылғы 31 шілдеде берілген лицензия № 0401201249. Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік № 56185-1910-АҚ, 26.06.2006ж. Алматы қ. Әділет департаментімен берілген. Қызмет көрсету шарты 25.09.2014 жылғы №14К0557У. Басқарма төрағасы Каламхатов Нурлан Базарбаевич</p>
13.	Облигация ұстаушыларының құқықтары Эмитенттен облигацияларды сатып алуды талап ету құқығы	<p>Облигация ұстаушылары құқылы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - облигацияларды өтегенде индекстелген номиналды құнды алуға; - осы Проспектпен қарастырылған мерзімде Эмитенттен облигациялар бойынша купонды сыйақы алуға; - облигацияларын еркін сатуға және басқаша иеліктен айыруға; - заңнамамен және облигациялар шығарылымының проспектімен қарастырылған тәртіпте талаптарын қанағаттандыруға; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте ақпарат алуға; - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған жағдайларда және тәртіпте Эмитентке қоятын талаптарын қанағаттандыруға; - облигацияларды иеленуге, пайдалануға, өкімдік етуге; <p>Эмитент осы проспектімен қарастырылған міндеттері мен шектеулерді (ковенанттарды) сақтағанда осы шығарылым облигацияларын ұстаушылардың Эмитенттің сатып алуын талап ету құқығы қарастырылмаған. Облигацияларды ұстаушылардың құқығы мерзімінен бұрын облигацияларды өтеуді қарастырмайды. Облигацияларды ұстаушылар, облигацияларды шығару жөніндегі осы проспектінің 14 және 24 тармақтарында қарастырылған Эмитент бұзылған жағдайда облигациялардың құны төленуін талап етуге құқылы.</p>

14.	<p>Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі "Бағалы қағаздар нарығы туралы" № 461-ІІ Заңының 18-4-ші бабына сәйкес, Эмитент орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алу тәртібі</p>	<p>Эмитент орналастырылған облигациялардың құнын төлеуді келесі жағдайларда жүргізеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Эмитент Директорлар кеңесі облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдағанда; 2) Қор биржасына тізбесі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған ақпарат беру тұрғысынан арнайы (листингілік) талаптардың орындалмауына байланысты қор биржасы Эмитенттің облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда; 3) Эмитент облигациялардың иелерінің бұрынғы өкілімен келісімшартты үзген немесе әрекеті доғарылған күннен бастап отыз күннен асатын мерзімде облигациялардың иелерінің өкілімен келісімшарт жасаспаған жағдайларда; <p>Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша, не болмаса қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті</p>
15.	<p>Облигацияларды сатып алу</p>	<p>Эмитент Директорлар кеңесі шешімі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастыру нарығында өз облигацияларын, олардың айналымда болған барлық кезеңде сатып алуға және сатуға құқылы. Мәмілелердің мерзімі мен бағасы, мәміле жасаған сәттегі қалыптасқан нарықтық жағдайдың барысымен анықталады. Ақшаны төлеу және/немесе қайтару аталған облигацияларды сатушының есебіне аудару жолымен қолма қол ақшасыз формада жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитенттің облигацияларды сатып алуы өзге облигация ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқтырмауы тиіс. Сатып алынған облигациялар өтелген болып саналмайды және қайталап орналастырылуы мүмкін.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы шектеулер (ковенант) бұзылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде және осы проспектінің 14 тармағына сәйкес қарастырылған жағдайларда, өзіне тиісті облигацияларды сатып алатыны туралы Эмитенттің мекенжайына өтініш береді.</p> <p>Облигацияларды ұстаушының өтінішін Эмитент өтініш түскен күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қарастырады.</p> <p>Облигацияларды сатып алу, Эмитент Директорлары кеңесі облигацияларды сатып алу мерзімі мен тәртібі туралы тиісті шешім қабылдағаннан кейін 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.</p> <p>Эмитент Директорлары кеңесінің шешімі Эмитенттің корпоративті сайтында (http://www.ales.kz/) және/немесе Эмитент Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдарында, сондай-ақ Биржаның ресми сайтында (http://www.kase.kz/) ақпараттың жариялануы арқылы қабылданған күннен бастап 5 (бес) күн ішінде</p>

		<p>облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізіледі.</p> <p>Облигацияны ұстаушы еркін түрде барлық қажетті реквизиттерді көрсетіп, өтініш беруі тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> - заңды тұлға үшін: облигация ұстаушының атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу - бар болса) туралы куәліктің нөмірі, берілген күні мен берген органы, орналасқан орны, телефондары, банктік деректемелері, сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі; - жеке тұлға үшін: облигация ұстаушының тегі, аты, бар болса әкесінің аты, куәліктің нөмірі, күні мен берген органы, тұрғылықты орны, телефондары, банктік деректемелері, жеке сәйкестендіру нөмірі, сатып алынатын облигациялардың саны мен түрі. <p>Облигацияларды қайта сатып алу, міндеттемелерді орындау туралы облигацияларды ұстаушының атынан жазбаша талап алынған күннен бастап тоқсан (90) күн ішінде облигацияларды ұстаушының ағымдағы шотына жинақталған купондық сыйақыны аудару жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>Шектеулер (ковенанттер) бұзылған жағдайда облигацияларды қайта сатып алу рәсімі, тек облигацияларды ұстаушы азаматтың өтініші негізінде ғана жүргізілетін болады. Қайта сатып алуға өтінім бермеген облигацияларды ұстаушы, облигацияларды шығару жөніндегі осы проспектіде көрсетілген, осы шығарылымның мерзімі аяқталуы бойынша оған тиесілі акцияларды өтеуіне құқығы бар.</p>
16.	<p>Басталғанда дефолт жарияланатын оқиғалар</p>	<p>Эмитент облигациялары бойынша дефолт – проспекспен белгіленген сыйақыны және/немесе негізгі борышты төлеу мерзімі аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап есептелетін 10 жұмыс күні ішінде облигациялар бойынша номиналды құнды және/немесе сыйақыны (купонды) төлемеу немесе толық төлемеу.</p> <p>Проспекспен белгіленген мерзімде облигациялар бойынша негізгі борыш және/немесе купонды сыйақы Эмитенттің кінәсінен төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда Эмитент тиісті міндеттеме немесе бір бөлігі орындалған күні (яғни төлем төленген кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі күні) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін әр кешіктірілген күн үшін облигация ұстаушыларына өсімақы төлейді.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Инвестор Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы облигациялар бойынша борышты талап етуге құқылы.</p> <p>Эмитент міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу мақсатында барлық қажетті шараларды атқарады және қабылдайды</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитент дефолттың туындауына алып келген себептерді жою үшін қолынан келгеннің бәрін жасайды, соның ішінде</p>

		<p>келесі шараларды атқарады:</p> <p>1) қалыптасқан жағдайда Эмитенттің өтімділігін тиімді басқару және Эмитенттің міндеттемелерін бұдан былай орындау үшін жеткілікті деңгейде қамтамасыз етумен байланысты шараларды орындау бойынша;</p> <p>2) басталған оқиғаға байланысты басқа шаралар.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталғанда Эмитент міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады.</p>
17.	Дефолт басталғанда Эмитент атқаратын шаралар	<p>Эмитент дефолттан қолайлы шығуды анықтау мақсатында облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу туралы бастама көтереді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындау мерзімдері мен тиісті көлемдерін көрсетіп, облигация ұстаушыларының алдында міндеттемелерін орындау бойынша іс-шаралар жоспары әзірленеді.</p> <p>Эмитенттің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге және облигациялар бойынша берешегін өтеуге бағытталған дефолт жағдайында Эмитент атқаратын шаралар кез келген қайта ұйымдастыру, ұйымдастыру-шаруашылық, басқару, инвестициялық, қаржы-экономикалық, құқықтық, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да шараларды қамтиды.</p>
18.	Міндеттемелерді қайта ұйымдастыру тәртібі мен талаптары	<p>Бірінші облигациялық бағдарлама шеңберіндегі жетінші облигациялар шығарылымы проспектінің талаптары бұзылған жағдайда, соның ішінде купонды сыйақыны төлеу, Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешім Директорлар кеңесі қолданыстағы заңнамаға сәйкес кредиторлардың келісімімен қабылданады.</p> <p>Облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда Эмитент облигация ұстаушылары өкілінің міндетті түрде қатысуымен келіссөздер өткізу арқылы облигация ұстаушыларымен міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын келіседі.</p>
19.	Эмитенттің облигация ұстаушыларына дефолт фактілері туралы ақпаратты жеткізу тәртібі, мерзімі мен әдісі	<p>Дефолт болған жағдайда, осы Проспектпен бекітілген міндеттеме орындау күніне 3 (үш) күн қалғанда Эмитент облигация ұстаушыларға Биржалардың ресми сайтында, облигациялардың параметрлері, күні, қашан купондық сыйақы және/немесе облигацияның индекстік номиналды бағасының төленетіндігі, орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орныдалмауының себебі, өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигацияларды ұстаушының мүмкін әрекеттерін, соның ішінде өзінің міндеттерін атқару үшін Эмитенттер қабылдайтын және өз міндеттері бойынша облигацияларды ұстаушымен есеп айырысу мерзімі жөніндегі ақпараттарды атап көрсету.</p>
20.	Эмитенттің құқығын облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу:	<p>Эмитенттің Директорлар кеңесі шешімі бойынша Эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын толық көлемде өтеуге құқығы бар.</p> <p>Облигацияларды ұстаушы Эмитенттің Директорлар кеңесінің облигацияларды өтеу күні көрсетілген,</p>

		<p>облигацияларды өтеу туралы шешімі қабылданған күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде облигацияларды ұстаушылар ақпараттандырылуы тиіс.</p> <p>Облигацияларды өтеу кезінде Эмитент, облигацияларды ұстаушыларға өтелетін облигациялардың индекстелген номиналды бағасын және сол бойынша есептелген купондық сыйақыны төлеуге міндетті.</p> <p>Толық көлемде өтелген аталған шығарылымының облигациялары заңмен белгіленген тәртіпте жоюға жатады.</p>
21.	Облигация ұстаушылардың бастамасы бойынша облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу	Облигация ұстаушылардың бастамасы бойынша облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған.
22	Эмитенттің облигация ұстаушыларына қызметі мен қаржы жағдайы туралы ақпарат беру тәртібі	<p>Эмитент интернет желісіндегі www.ales.kz, сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ - www.kase.kz және Қаржылық есептілік депозитарийінің - www.dfo.kz ресми сайттары арқылы қызметі туралы ақпаратты инвесторларына ұсынады.</p> <p>Шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда ақпарат беру тәртібі осы проспектінің 24 тармақтарында қарастырылған.</p>
23.	Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану	<p>Облигацияларды орналастырудан түскен ақшалар, Эмитенттің жалпы корпоративтік мақсаттарына, соның ішінде «Алматы 2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. III кезек. № 8 ст. Қазандық агрегаты» жобасы бойынша бағытталатын болады.</p> <p>Эмитент, облигацияларды орналастырудан түскен ақшалардың тәртібіне өзгерістер енгізуді жоспарламайды.</p> <p>Эмитент облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды жұмсау жоспарында өзгерістер болған жағдайда, ҚР заңнамасында қарастырылған тәртіпте Облигацияларды шығару проспектіне тиісті өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілетін болады.</p>
24.	Эмитент атқаратын шектеулер (ковенанттар)	<ol style="list-style-type: none"> 1) иеліктен айыру күнгі эмитент активтерінің жалпы құнының жиырма бес пайызын құрайтын сомаға Эмитент активтерінің құрамына кіретін мүлкті иеліктен айырмау; 2) облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үні осы эмитент активтерінің жалпы құның он пайызынан көп шамаға Эмитент облигацияларын шығарумен байланысты емес міндеттемелердің орындалмау фактілеріне жол бермеу; 3) Эмитенттің негізгі қызмет түрлерін өзгертуді қарастыратын Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу; 4) ұйымдық-құқықтық нысанын өзгертпеу; 5) Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген жылдық және аралық қаржы есептілігін тапсыру мерзімінің бұзылуына

		<p>жол бермеу;</p> <p>б) аудиторлық есептерді беру мерзімін бұзу себебі аудиторлық компанияның кінәсі болған жағдайларды есепке алмағанда Эмитент пен биржа арасында жасалған листинг шартымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді беру мерзімінің бұзылуына жол бермеу.</p> <p>Жоғарыда аталған ковенанттар бұзылған жағдайда облигация ұстаушылары облигацияларды сатып алуды талап етуге құқылы. Эмитент жинақталған купондық сыйақыны және облигацияларды индекстелген номиналды құны бойынша қайта сатып алуға міндетті (ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 3 бөлімі, 15 бап, 2 т. қараңыз).</p> <p>Эмитенттік шектеулер (ковенанттер) бұзылған жағдайда, Эмитенттің ресми сайтында (http://www.ales.kz/), сондай-ақ «Қазақстан қор биржасы» АҚ ресми сайтында (http://www.kase.kz/) ақпарат ұсыну тәсілімен бұзылу болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, бұзушылықтың туындау себебі, осы бұзылымды жою әдісі мен мерзімі туралы егжей-тегжейлі ақпаратты ұстаушылардың назарына жеткізеді.</p>
25.	Опциондар туралы ақпарат	Осы шығарылым облигациялары бойынша опциондар қарастырылмаған.
26.	Айырбасталатын облигациялар	Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.
27.	Облигацияларды орналастыру әдісі	Облигациялар сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына және ҚР заңнамасына сәйкес бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады.
28.	Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі	Облигациялар шығарылымының бүкіл айналу мерзімі бойы
29.	Жазылу арқылы акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастырғанда айырбастау талаптары көрсетіледі.	Осы шығарылым облигациялары айырбасталмайды.
30.	Облигацияларды төлеу талаптары мен тәртібі	Облигациялар Биржаның сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу арқылы орналастырылады, облигациялар сауда-саттық ұйымдастырушының ішкі ережелеріне сәйкес төленеді.

Облигацияларды өтейтін сәттен бастап, сыйақыларды төлеудің әр мерзімі қимасында сыйақыларды төлеу мен негізгі қарыздың сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің көздерін және ақшалай қаражат ағындарын болжау.

Индекстелген номиналды бағасы бойынша облигациялардың жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші шығарылымдарын өтеу Эмитенттің меншікті қаражаты есебінен, амортизациялық аударымдар сомасы мен іс-әрекеттер түрлерінен түсетін болашақтағы табысты қосып қамтамасыз етілетін болады.

Басқарма төрағасы

Мухамед-Рахимов Н.Т.

Бас бухгалтер

Нукушева Ж.О.

АҚ "Алматыские электрические станции" 2014-2021 жылға ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп болжамы

	2014ж.		2015ж.		2016ж.		2017ж.		2018ж.		2019ж.		2020ж.		2021ж.	
	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
I. Операциялық қызметтерден түсетін ақша қаражатының қозғалысы																
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы, соның ішінде:	56 324 959	33 603 465	26 529 570	40 354 713	29 468 258	42 933 336	30 917 412	44 876 405	32 446 364	46 902 631	34 343 710	48 262 756	37 326 176	54 686 306	38 846 505	38 846 505
тауарларды сату және қызмет көрсету	56 324 959	33 603 465	26 529 570	40 354 713	29 468 258	42 933 336	30 917 412	44 876 405	32 446 364	46 902 631	34 343 710	48 262 756	37 326 176	54 686 306	38 846 505	38 846 505
басқа табыс																
алынған сыйақы																
2. Ақша қаражатының шығарылуы, соның ішінде:	46 564 900	25 097 189	25 303 023	26 839 727	29 155 983	29 347 952	32 521 489	30 166 168	36 611 887	33 906 512	38 334 929	38 342 859	36 973 044	38 819 042	41 227 730	41 227 730
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер	35 419 959	18 889 209	18 439 903	19 860 131	21 648 661	20 709 762	24 641 932	21 372 028	28 538 969	24 901 964	29 883 272	29 017 188	28 511 472	29 511 389	32 107 278	32 107 278
Берілген аванстар	129 353															
Айланымсыз активтерді сату	8 128 544	4 024 660	4 600 900	4 309 988	4 962 002	4 625 895	5 284 514	4 954 333	5 662 464	5 204 737	6 049 721	5 665 369	6 473 202	6 061 945	6 926 326	6 926 326
Земелдер бойынша сыйақы төлемдері	1 135 390	636 784	664 512	920 779	778 021	734 100	598 714	462 650	346 383	335 998	226 302	216 334	106 220	100 500	100 500	0
сөзінші (шлюз) жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу	374 815	36 702	287 815	322 500	322 500	322 500	267 000	267 000	267 000	211 500	136 000	136 000	100 500	100 500	100 500	0
корпоративтік табыс салығы және бұрамыстар басқа төлемдер	3 731 832	1 546 537	1 397 708	1 748 819	1 767 299	3 278 195	1 994 330	3 377 157	2 044 071	3 373 812	2 173 635	3 443 970	1 882 149	3 145 208	2 194 129	2 194 129
басқа төлемдер	19 822															
3. Операциялық қызметтерден түскен ақша қаражатының таза сомасы	9 760 059	8 506 276	1 326 548	13 514 986	312 275	13 585 383	-1 604 077	14 710 237	-4 165 523	13 996 119	-3 991 219	9 919 897	353 132	15 867 263	-2 381 226	-2 381 226
II. Инвестициялық қызметтерден түскен ақша қаражатының қозғалысы																
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы, соның ішінде:	1 116 451	800 000	2 200 000	500 000	1 300 000	0	4 000 000	0	6 000 000	0	2 000 000	0	2 000 000	0	4 000 000	4 000 000
тауарлар мен қызметтерді сату																
материалдық емес активтерді сату																
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
кереметтік активтерді сату																
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
Финанс және форвард келісімдері, опциондар мен айырбастар	1 116 451	800 000	2 200 000	500 000	1 300 000	0	4 000 000	0	6 000 000	0	2 000 000	0	2 000 000	0	4 000 000	4 000 000
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы, соның ішінде:	21 839 997	12 044 331	6 358 316	6 641 736	3 687 180	4 996 527	2 801 411	6 783 375	3 662 287	3 043 769	3 168 467	3 243 368	6 110 459	8 096 541	5 488 705	5 488 705
материалдық емес активтерді сату	20 723 546	9 694 331	6 358 316	6 641 736	3 687 180	4 996 527	2 801 411	6 783 375	3 662 287	3 043 769	3 168 467	3 243 368	6 110 459	8 096 541	5 488 705	5 488 705
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
Финанс және форвард келісімдері, опциондар мен айырбастар																
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
Финанс және форвард келісімдері, опциондар мен айырбастар																
басқа ұзақ мерзімді активтерді сату																
3. Операциялық қызметтерден түскен ақша қаражатының таза сомасы	-20 723 546	-11 894 331	-4 158 316	-5 141 736	-2 487 180	-4 996 527	1 998 589	-6 783 375	2 337 713	-3 043 769	-1 168 467	-3 243 368	-4 110 459	-8 096 541	-1 488 705	-1 488 705
III. Қаржы қаражатының түсетін ақша қаражатының қозғалысы																
1. Ақша қаражатының түсуі, барлығы, соның ішінде:	18 941 238	8 183 110	5 860 891	693 296	2 999 401	0	400 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
ақша алу	8 509 199	448 336	4 022 404	649 719	2 999 401	0	400 000	0	0	0	0	0	0	0	0	0
облигацияларды орналастырудан түскен табыс	10 432 039	7 734 774	1 838 488	43 577	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
сөзінші (шлюз) жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу	2 983 161	7 734 774	1 838 488	43 577	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0
басқа табыс																
2. Ақша қаражатының шығарылуы, барлығы, соның ішінде:	9 719 029	3 543 610	4 094 348	7 518 345	2 637 693	5 221 913	3 702 026	3 899 400	673 131	3 499 400	507 558	3 851 097	149 400	3 500 486	0	0
ақша алу	9 719 029	3 543 610	4 094 348	7 518 345	2 637 693	5 221 913	3 702 026	3 899 400	673 131	3 499 400	507 558	3 851 097	149 400	3 500 486	0	0
облигациялар бойынша өтелетін қарызды төлеу																
сөзінші (шлюз) жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу, сөзінші, тоқызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші айындағы жеткізу																
мәжбүрлі акцияларды сату																
басқа табыс																
3. Қаржылық қызметтерден түсетін ақша қаражатының таза сомасы	9 222 209	4 639 500	1 766 543	-6 825 049	361 709	-5 221 913	-3 302 026	-3 899 400	-673 131	-3 499 400	-507 558	-3 851 097	-149 400	-3 500 486	0	0
Барлығы: Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп бойынша	-1 741 278	-1 065 225	1 548 201	-1 813 196	-3 707 514	4 027 461	-2 500 941	4 027 461	-2 500 941	6 452 950	-5 667 244	2 825 432	-3 906 727	4 270 236	-3 869 931	-3 869 931
Есепті кезеңнің басындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленті	2 255 057	513 780	1 765 225	700 000	2 248 201	435 005	3 801 948	4 121 895	94 434	4 121 895	8 073 905	2 406 660	5 232 093	1 325 366	5 595 602	5 595 602
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты мен олардың эквиваленті	513 780	1 765 225	700 000	2 248 201	435 005	3 801 948	94 434	4 121 895	1 620 955	8 073 905	2 406 660	5 232 093	1 325 366	5 595 602	1 725 671	1 725 671

АҚ "Алматынские электрические станции" 2014-2021 жылға кірістер мен шығыстар туралы есеп болжамы

№	Көрсеткіштердің атауы	2014ж.		2015ж.		2016ж.		2017ж.		2018ж.		2019ж.		2020ж.		2021ж.	
		1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық	1 жарты жылдық	2 жарты жылдық
1	Кірістер	51 634 409	28 135 975	26 627 735	33 225 726	29 423 048	35 296 201	30 925 258	36 759 217	32 290 968	38 568 573	33 985 640	39 783 160	37 779 403	44 555 351	38 970 602	
2	Сатылған өнімдер мен көрсетілген қызметтердің өндіріс құны	45 487 052	24 756 615	23 913 110	27 633 684	26 317 997	29 898 874	28 511 469	32 150 965	30 843 239	33 954 667	32 675 554	37 044 072	36 344 450	39 338 945	38 587 818	
3	Жалпы пайда	6 147 357	3 379 360	2 714 624	5 592 042	3 105 051	5 397 328	2 413 790	4 608 251	1 447 729	4 613 906	1 310 086	2 739 088	1 434 953	5 216 406	382 784	
4	Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 832 687	890 308	1 078 225	947 589	1 157 599	965 689	1 197 942	1 033 590	1 276 462	1 109 343	1 369 288	1 183 485	1 461 699	1 262 818	1 560 579	
5	Басқа әкімшілік кірістер																
6	Басқа әкімшілік шығыстар																
7	Операционлық пайда	4 314 670	2 489 052	1 636 399	4 644 454	1 947 452	4 433 639	1 215 848	3 574 661	1 71 267	3 504 563	-59 202	1 555 602	-26 745	3 953 589	-1 177 795	
8	Қаржыландыруға түсетін кірістер																
9	Қаржыландыруға арналған шығыстар	783 391	340 027	264 444	701 839	775 419	686 350	598 714	414 000	346 383	288 248	226 302	168 384	106 220	50 250	0	
10	Салық салымына дейінгі пайда (ықпалдар)	3 531 278	2 149 025	1 371 955	3 942 615	1 172 033	3 747 289	617 133	3 159 762	-175 116	3 216 315	-285 504	1 387 919	-132 966	3 903 339	-1 177 795	
11	Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар, соның ішінде	711 010	429 805	274 391	788 523	234 407	749 458	122 427	651 952	-35 023	643 263	-57 101	277 404	-26 593	780 668	-235 559	
12	Кенеден қорығылы пайда (ықпалдар)	2 820 468	1 719 210	1 097 564	3 154 092	937 627	2 987 831	493 707	2 527 809	-140 093	2 573 052	-228 403	1 109 615	-106 372	3 122 671	-942 236	

МҢН ТЕНГЕ



Прошнуровано, пронумеровано и
заверено печатью
Кол-во 483 страниц

Председатель Правления
АО "АЛЭС"
Мухамед-Рахимов Н.Т.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

2014 ж. « 20 сәуір »